

БӨЛІМ: ЭССЕ

Мен саған есірткі жайлы айтып беремін.ЖАРИЯЛАНДЫ
21.01.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/90128/>

Алтынбекқызы Алтынай

Арал ауданы Бекбауыл елді-мекені.

65 орта мектебінің 9-сынып оқушысы

Есірткі деген сөзді естігенде бойымды үрей, қорқыныш сезім билейді. Есірткі мен нашақорлық егіз ұғым сияқты. Сырттай естігенім бар, кітаптардан оқығаным бар, кинодан көргенім бар бұл сөз-өте суық естіледі. Себебі есірткі- адамның санасын улайтын, ессіздікке апаратын, адам өміріне балта шабатын «улы» зат. Есірткінің әсерінен адамдарға зорлық-зұлымдық жасалып, кейде өлімге душар етуі мүмкін. Есірткі пайдаланғанда адамда санасыздық, ұятсыздық,

қатыгездік деген жаман әдеттер мен қасиеттер пайда болады. Қазіргі уақытта есірткі айналымына барлық елде шектеу қойылған.

Біздің елде де есірткі пайдалануға қатаң тыйым салынған. Қ.Р. Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыз 186 қаулысымен бекітілген тізіміне медициналық мақсатта пайдалануға тыйым салынған есірткі заттарының 72 атауы көрсетілген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Халықтың денсаулығы-ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі» деген болатын. Сондықтан есірткіден бойымызды аулақ ұстап, салауатты өмір салтын ұстануымыз қажет. Есірткіге көбіне жасөспірімдер, жас буын өкілдері әуес болады. Мұның басты себебі:қоғамның, ортасының әсері, отбасылық жағдайы, жеке адамның өмірі т.б көптеген факторлар әсер етеді. Есірткіге тәуелді болу-адамдардың өз өмірлеріне балта шабуы деген сөз.

Біздің 65 орта мектебінде 300-ге жуық оқушы бар. Мектепте оқушылардың бос уақыттарын дұрыс пайдалану,пайдалы іспен шұғылдануға баулу үшін түрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Ашық

тәрбие сағаттары өтіледі. Спорт, қолөнер, тоғызқұмалақ, ән, футбол, бокс, салауаттылық мектебі үйірмелері жұмыс жасайды. Салауаттылық мектебінде Саятулаев Нұрболат ағайымыз есірткінің және зиянды заттардың адам өміріне тигізер қаупі туралы түрлі сабақтар өткізеді. Сонымен қатар есірткіге қарсы сауалнамалар алынып отырады.

Қорыта келгенде, есірткімен күресу- елімізде бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі

екендігі даусыз. Сондықтан онымен күресу, одан сақтану, салауатты өмір салтын ұстану-біздердің, келешек ұрпақтың басты ұстанымы болу керектігін естен шығармайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.